



Нұр-Сұлтан қаласы, Мәскеу көшесі, 41  
010000, тел.: 8 (7172) 50-15-28

город Нур-Султан, ул. Мәскеу, 41  
010000 тел:8 (7172) 50-15-28

## БҰЙРЫҚ

№ 69

2021 жылғы «26» 04

### «2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды өткізу туралы»

«Нұр-Сұлтан қаласының Білім Басқармасы» ММ «2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды өткізу туралы» 2021 жылғы 26 сәуірдегі №107-06-11/358 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қорытынды аттестаттау **9 сынып** білім алушылар үшін **санитарлық талаптарды сақтай отырып:**

1) қазақ /орыс тілінде білім беретін мектептер үшін (оқыту тілі бойынша) эссе нысанында жазбаша емтихан (**2021 жылғы 28 мамыр**);

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (**2021 жылғы 2 маусым**);

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (**2021 жылғы 5 маусым**) өтеді.

2. **Сынып** білім алушылары үшін **санитарлық талаптарды сақтай отырып:**

1) Қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан (**2021 жылғы 1 маусым**);

2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан (**2021 жылғы 4 маусым**);

3) Қазақстан тарихы бойынша тестілеу (**2021 жылғы 7 маусым**);

4) Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінен тестілеу және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілінен тестілеу (**2021 жылғы 10 маусым**) бойынша өтеді.

3. Қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып 2021 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізіледі.

4. Пән мұғалімдері білім алушыларды дайындау үшін ҰТО сайтында орналастырылған емтихан материалдарының сынама нұсқаларын қолдансын.

5. 9 сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын Білім басқармасы, ал 11 сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын ҰТО дайындайды және 2021 жылғы 15 мамырға дейін электронды түрде жеткізіледі.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Б. Букушев